



**Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 23 ақпандағы N 138 қаулысына толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 наурыздағы N 322 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1500 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1500 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының арнайы атақтар берілген және Қазақстан Республикасының заңнамасында ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын қызметкерлеріне зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін және мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау мен төлеуді жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 23 ақпандағы N 138 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., N 5, 68-құжат) мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының арнайы атақтар берілген және Қазақстан Республикасының заңнамасында ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын қызметкерлеріне зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін және мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау мен төлеуді жүзеге асыру ережесінде:

9-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Куәлікке осы Ережеге 1-1 қосымшаға сәйкес нысан бойынша қосымша бет беріледі." ;

осы қаулыға қосымшаға сәйкес 1-1-қосымшамен толықтырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Премьер-Министрі*

*Қазақстан Республикасының  
К. Мәсімов*

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2009

жылғы

14

наурыздағы

N

322

қаулысына

1-қосымша

Әскери қызметшілерге, ішкі істер органдарының, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің, қаржы полициясы мен мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының арнайы атақтар берілген және Қазақстан Республикасының заңнамасында ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын қызметкерлеріне зейнетақы төлемдерін, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін және мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау мен төлеуді жүзеге асыру ережесін бекіту туралы ережеге

1-1-қосымша

Сериясы__N__куәлікке қосымша бет	Вкладыш к удостоверению
_____ ж. "___"___N___ Заңның _____	Серии _____N___
бабына _____ тармағына _____ тармақшасына	В соответствии с пп. ___п. ___ ст. _____ Закона
сәйкес _____	от "___" _____ г. N___
20___ жылғы "___" _____ бастап еңбек	назначена пенсионная выплата за выслугу лет с "___" _____
сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемі тағайындалды	_____ г.
Уәкілетті адам _____ Қолы	Уполномоченное лицо _____ Подпись
М . О .	М . П .
Берілген уақыты 200_ж. "___" _____	Дата выдачи "___" _____ 200_г.